

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ «ТҰТЫНУ ҚОРЖЫНЫ» ЖӘНЕ ӨМІР СҰРУ МИНИМУМЫ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Съезд Асель, Бопетай Гүлдана

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан

asuaqmadya@gmail.com, bopetayguldana@gmail.com

Ғылыми жетекшісі – Н.С.Досмағанбетов

Мақала өзекті мәселеге – Қазақстан халқының өмір сүру деңгейін көтеруге арналған. Қазіргі әлемде мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігіне жаңа сын-қатерлер мен қауіптердің пайда болуына қарамастан, халықтың өмір сүру деңгейінің төмендігі және меншіктің саралануы елеулі ішкі қауіп болып қалуда. Мемлекет азаматтарға қатысты өзінің әлеуметтік функциясын әлеуметтік стандарттар жүйесі арқылы жүзеге асырады, олардың бірі ең төменгі

«тұтыну қоржынының» құнымен анықталатын ең төменгі күнкөріс деңгейі болып табылады. Авторлар ең төменгі күнкөріс деңгейін есептеу әдістемесіне өзгерістер енгізу қажеттілігін негіздейді, бұл қабылданған нормалар және материалдық игіліктер мен қызметтерді нақты тұтыну арасындағы қалыптасқан алшақтықты азайтуға және халықтың өмір сүру деңгейін арттыруға мүмкіндік береді [1].

Тұтыну қоржыны-адам өміріне қажетті өнімдердің, тауарлар мен қызметтердің ең аз жиынтығы. Ең төменгі күнкөріс деңгейін есептеу үшін қолданылады.

Тұтыну қоржыны үш санатқа бөлінеді:

1. қажетті азық-түлік тауарлары;
2. қажетті азық-түлік емес тауарлар;
3. қажетті қызметтер [2].

Қазақстандық ең төменгі күнкөріс деңгейінде қажетті шығыстар былайша бөлінген: 51 атаудан тұратын тұтыну қоржынының 55%-ын азық-түлік тауарлары және 45%-ын азық-түлік емес тауарлар алады. Азық-түлік пакеті тамақтану академиясы ұсынған ең төменгі тұтыну нормаларына негізделген және жарма, ұн өнімдері, ет, көкөністер, сүт өнімдерін қамтиды. Азық-түлік емес бөлігі ресми түрде адамның барлық қажетті шығындарын, соның ішінде коммуналдық қызметтерді қамтиды. Алайда, ең төменгі күнкөріс деңгейінің осы бөлігіне кіретін тауарлар мен ақылы қызметтердің толық тізімі нормативті-құқықтық акт-да жазылмаған.

Өмір сүру минимумының көп бөлігі (55%) тамақ болып табылады.

Қазақстанда қолданылатын ең төменгі күнкөріс деңгейінің көрсеткіші нақты орташа статистикалық қажеттіліктерді көрсетпейді және шартты болып табылады. Оған дәлел ретінде келесі есептеулерді ұсынамыз. Тұтынушылардың әртүрлі санаттарына жүргізілген сауалнама және негізгі азық-түлік өнімдерін тұтынудың ең төменгі нормаларын пайдалана отырып талдау нәтижелері бір адамға жылына 100 кг картоп, 115 кг көкөніс, 60 кг жеміс, 130 кг нан және ұн өнімдері, 60 кг ет, 20 кг балық, 20 кг қант, 180 дана жұмыртқа, 13 кг сары май және 220 литр сүт. Осылайша, бір адам күніне 300 г нан, 280 г картоп, 80 г сүт, 50 г балық және 180 г ет өнімдерін тұтынуы керек.

Тұтыну қоржынына азық-түліктен басқа көлемі бір адамға орта есеппен 280 литр су, 10 м³ газ және 50 кВт электр энергиясы (18 шаршы метр тұрғын үй негізінде) келетін коммуналдық төлемдері енгізілді.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы 2020 жылғы тамызда жариялаған орташа бағаларды пайдалана отырып, бір адамға ең төменгі күнкөріс деңгейінің қажетті деңгейі анықталды. Ең төменгі күнкөріс деңгейі 100 мың теңгені құрады.


Азық-түлік өнімдерінің ең аз жиынтығын адамның физиологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті ғылыми негізделген тұтыну нормаларына сәйкес мемлекеттік статистиканың уәкілетті органы жасайды. Нормалар санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылық саласындағы уәкілетті органмен және уәкілетті денсаулық сақтау органымен келісіледі. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінде жұмыс істеп тұрған азық-түлік қоржыны 2175 кКал тәуліктік энергетикалық құндылықты қамтамасыз ететінін хабарлады. Халықаралық сарапшылардың пікірінше, пайдаланылатын азық-түлік себеті Тамақтану Институтының ұсынымдарына сәйкес тиісті түрде жасалған және Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымының тамақтану талаптарына сәйкес келеді. Сондай-ақ 2175 ккал деп белгіленген тәуліктік энергия құндылығын 2330 ккал-ға дейін арттыру мәселесі де қарастырылуда.

Маңызды сәт: "кедейлік шегі" көрсеткішіне сүйене отырып, елдегі кедей адамдардың саны есептеледі. Бұл көрсеткіш атаулы әлеуметтік көмек пен басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін қолданылады [3].

Еліміздің нормативтік құқықтық актілеріндегі "ең төмен күнкөріс деңгейі" ұғымы "мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға шаққандағы ең төмен ақшалай кіріс" ретінде айқындалады. Ең төменгі тұтыну қоржыны "адамның тіршілік әрекетін қамтамасыз ету үшін қажетті азық-түлік өнімдерінің, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің заттай және құндық мәндегі ең төменгі жиынтығы" ретінде айқындалған. Қарапайым сөзбен айтқанда, бұл адамның өмір сүруі үшін қажет минимум.

Үкімет жыл сайын анықтайтын соманың мөлшері әрдайым қоғамда пікірталастар мен түсініспеушіліктерді тудырады. Мәселен, 2021 жылы Қазақстанда ең төменгі күнкөріс деңгейі 34 302 теңге мөлшерінде белгіленген. 2022 жылға бұл шек сәл жоғары болады – 36 018 теңге.

Күнкөріс минимумы сияқты көрсеткіш не үшін қажет? Оның шамасынан әлеуметтік төлемдердің мөлшері есептеледі. Бұдан басқа, бұл көрсеткіш ресми "кедейлік өлшемі" болып табылады – Қазақстанда кедейлік шегі ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70% - ы мөлшерінде айқындалған. Яғни, бүгінгі таңда кедейлік шегі - 24 011 теңге.



Сурет - 1. ҚР-дағы өмір сүру минимумы көрсеткіші

Шет елдердің тұтыну қоржындары аясында Қазақстан тапшы болып көрінеді. Мысалы, Германияда тұтыну қоржыны 600 – ге жуық өнімдер, тауарлар мен қызметтердің тізімін қамтиды, Ұлыбританияда – 700-ге жуық, АҚШ-та-200-ден астам. Ресейде себеттің құрамында 156 өнім, тауарлар мен қызметтер бар [4]. Дамыған елдер өмірлік маңызы бар өнімдер, тауарлар мен қызметтер жиынтығымен шектелмейді. Сонымен, Британдық өмір сүру минимумына шампан мен шарап кіреді. Немістер ең төменгі күнкөріс деңгейіне үйге пиццаға тапсырыс беру, Солярый мен фитнес-орталықтарға бару, француздар сұлулық салондарына бару, косметика сатып алу, күтушілерге ақы төлеу және үй жануарларына арналған тамақ сатып алуды кіргізеді. Ең төменгі күнкөріс деңгейі Маңғыстау облысында тіркелген-30 565 теңге. Одан әрі Астана мен Алматы орташа ең төмен күнкөріс деңгейі

тиісінше 29 272 теңге және 27 844 теңге болады. Шығыс Қазақстан, Атырау және Алматы облыстарында ең төменгі күнкөріс деңгейінің орташа деңгейі 25 156 теңгені құрайды. Қазақстан бойынша ең төменгі деңгей Жамбыл облысында байқалады, ол 22 145 теңгеге тең. Қазақстанда ең төменгі күнкөріс деңгейі бес әлеуметтік төлемге байланысты - бұл базалық зейнетақы төлемі, Мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік жәрдемақы, мүгедек балаларды күту бойынша жәрдемақы және АӘК. Осы бес төлем бойынша шығыстардың жалпы сомасы жылына 1,3 трлн теңгені (\$3,4 млрд) құрайды. Қазақстанда ең төменгі күнкөріс деңгейі мен тұтыну қоржынының шамасы ешқандай сынға төтеп бере алмайды. Бұл туралы депутаттар, түрлі сарапшылар мен қарапайым қазақстандықтар бұрыннан айтып келеді, олар авторларды өздері әзірлеген "диетаға отырғызуды" ұсынады.

Өмір сүру деңгейінің мәселелері:

Қазақстандық тұтыну қоржыны 10 жылдан астам уақыт бойы түбегейлі қайта қаралған жоқ. Оның құны тек инфляцияға байланысты өзгерді, ал мазмұны шамалы түзетулерден өтті. 2006 жылы өнімдер тізімі 20-дан 43 атауға дейін ұлғайтылды. Бұл ет, балық, сүт, май, нан, жеміс-көкөніс өнімдері, сондай-ақ жұмыртқа, қант, шай және дәмдеуіштер.

Біріншіден, көптеген мемлекеттерде бюджет ЖІӨ-нің шамамен 40 пайызы немесе одан да көп мөлшерінде қалыптасады. Ал біз мемлекеттік бюджетті қалыптастыру үшін оны екі-үш есе аз пайдаланамыз. Егер мемлекеттік бюджет қалыпты түрде тұжырымдалған болса, онда әлеуметтік мәселелерді шешуге мүмкіндік болар еді.


Екіншіден, біздің бюджетіміз әлеуметтік деп көп айтылады. Мұндай ештеңе жоқ. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Бюджет әлеуметтік болды. Қазір әлеуметтік қолдауға арналған қаражаттың үлес салмағы жылдан жылға азайып келеді. Сондықтан бұл тұтыну қоржынына саяси тұрғыдан қарау керек. Өйткені, Англияда да, Қазақстанда да бағалар бірдей, бірақ барлық әлеуметтік параметрлер бізде бірнеше есе нашар. Бұл ең төменгі тұтыну қоржыны ғана емес, мысалы, орташа жалақы [5].

Кедейлік – бұл әлеуметтік әділдік пен мемлекеттік кірістерге қоғамдық бақылаудың болмауының нәтижесі. «Кедейліктің ең ауыр түрі – байлық ортасындағы кедейлік» деген Луцей Анней Сенеканың қанатты сөзі қазіргі жағдайға мысал бола алады. Өйткені, Қазақстан бай мемлекет, бірақ барлығына емес, тек мемлекетке жақын адамдар үшін ғана. Ресурстарды бөлудегі теңсіздік жүйелі кедейлікті тудырады. Табысты әділ бөлу билік пен қоғам арасында әділетті әлеуметтік келісім болған жағдайда ғана мүмкін болады. Яғни, билік қоғам алдында жүргізіп отырған саясат үшін жауапты болып, есеп беріп отырған уақытта.

«Кедейдің бір тойғаны – байығаны». Қазақстанда жағдайы төмен адамдардың барлығы тойып тамақтанбайды. Бұл Қазақстанда аштық мәселесінің бар екендігін білдіреді. Ол «ашық» және «жабық» түрде жүреді. «Жабық» түрі көптеген адамдардың макарон өнімдерін ғана тұтынуы. Күнделікті нан, шай және айына бір рет ет тұтыну бұл тойып тамақтануға жатпайды.

Тұтыну құрылымының өзі, тіпті ұлттық жалпы өнімде де маңызды орын алады. Біз бәсекеге қабілеттілік бойынша тең болғымыз келетін елдерде құрылым жалақы есебінен шамамен 60-70 пайыз немесе одан да көп ЖІӨ жүріп жатыр. Кез-келген әлеуметтік саланы алып қарасақ солай, мысалы, білім батыс мемлекеттерінде ЖІӨ-нің 7-8%-ына дейін, ал бізде төрт пайыздан аз. Дамыған елдерде Денсаулық сақтау – 15-10 %-ға дейін, 10 %-дан төмен емес, бірақ бізде тағы төрт пайыздан аз.

Ең төменгі күнкөріс деңгейін қайта қарау кедейшілік деңгейін қайта бағалауға ғана емес, кедей халықтың үлесін ұлғайтып, бюджет шығыстарын да едәуір өсіреді. Сондықтан бюджеттің кірістілігін арттыру керек-мысалы, салықтарды көтеру арқылы. Барлық мәселе бюджеттің мүмкіндіктерінде болып табылады [6].



Сурет - 2. 2021-2022 жж. есептік көрсеткіштер

Шешу жолдары және ұсыныстар:

Көбінесе елдегі кедейліктің себебін дағдарыстарға, әлеуметтік-экономикалық проблемаларға немесе кедейлік психологиясына тірейді. Бірақ саяси себептер де бар. 90-шы жылдары билік Қазақстан өзінің мұнай-газ және басқа да ресурстары бар жаңа Кувейт немесе Бахрейн екенін, елдің барлық азаматтары Парсы елдерінің көптеген мемлекеттеріндегідей жоғары өмір сүру деңгейін алатынын жиі айтатын. Бірақ олай болмады. Өйткені экономиканы билеуші элитамен байланысы бар олигархиялық топтар басқарды, олар көбінесе мемлекеттің қалтасын өз қалталарымен шатастырып отырды. Нәтижесінде миллиардтаған қаржы елдің дамуына емес, оффшорларға кетті. Ал мұның барлығы елде ресурстардың бөлінуіне қоғамдық бақылаудың тиімді жүйелерінің жасалмағандығынан болып отыр.

Біріншіден, ең төменгі күнкөріс деңгейі мен ең төменгі жалақы мөлшерін теңестіру, сондай-ақ тұтыну себетінің құрамын халықтың нақты қажеттіліктеріне сәйкес келтіру қажет. Ең төменгі күнкөріс деңгейін анықтаған кезде халықтың азық-түлікке, киім-кешекке, коммуналдық қызметтерге қанша қаражат жұмсайтынын ғана емес, сонымен қатар халықтың білім алуға, денсаулық сақтауға, демалысқа қанша жұмсайтынын да ескеру қажет.

Екіншіден, ауыл шаруашылығын дамыту. Халықтың өмір сүру деңгейін жақсарту үшін ауыл шаруашылығын дамыту маңызды фактор болып табылады. Ауыл шаруашылық өнімдерінің көбісі экспортталатындықтан, елде экономикалық дағдарыс бола қалған жағдайда инфляция қарқынына байланысты азық-түлік тауарларына баға күрт өсіп кетеді. Егер мемлекетте отандық өнім көлемі ұлғайса, халыққа ең бастысы тиімді бағада сапалы өнімдерді тұтынуға мүмкіндік болатын еді. Жоғарыда аталған аштық мәселесі де шешіліп, жоқ дегенде адамдар күнделікті тойып тамақтанатын еді. Дегенмен ауыл шаруашылығына мүлдем көңіл бөлінбейді деп айтуға да болмайды, себебі мемлекеттен субсидиялар көптеп бөлінеді. Бірақ ірі холдингтердің үлкен жер учаскелерін иемденіп, жер ресурстарының тиімді бөлінбеуінің әсерінен ауыл шаруашылығының дамуын тежеп жатыр.

Үшіншіден, коронакризистің бастапқы кезеңдерінде халыққа көмек ретінде берілген 42 500 теңге көлеміндегі жәрдемақы сияқты шартсыз базалық кіріс жыл сайын мемлекеттен бөлініп отыратын болса, халықтың өмір сүру деңгейін көтеруге мүмкіндік болатын еді.

Төртіншіден, белгіленген орташа жалақы мөлшерін қайта қарау қажет. Қазіргі әлемде болып жатқан күрделі саяси мәселелердің әсерінен инфляция қарқыны күрт өсіп, елде қымбатшылық орын алуда. Осындай қымбатшылық жағдайында белгіленген орташа жалақы мөлшері әлі де болса жеткіліксіз. Көптеген экономистердің пікірінше Қазақстандағы өмір сүру минимумы кем дегенде 100 000 теңгені құрауы қажет. Бұл білім алу, денсаулық, спорт және демалуға кететін шығындарды қоспағандағы көрсеткіш. Сондықтан осы көрсеткішті қайта қарау өмір сүру минимумын көтерумен тікелей байланысты.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. И.Д.Колмакова, Е.И.Байкова Проблемные вопросы повышения уровня жизни населения республики казахстан // Вестник Челябинского государственного университета. 2019. № 3 (425). Экономические науки. Вып. 64. С. 20—27.
2. Торвей Р. Индексы потребительских цен. Методологическое руководство. Международная организация труда. Пер. с англ / Р. Торвей. - М.: Финансы и статистика, 1993. - 248 с.
3. ҚР халықтың тұрмыс сапасы [Электрондық ресурс] – Қолжетімділік тәртібі: <https://stat.gov.kz/official/industry/64/statistic/5>
4. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» 16.03.2022 [Электрондық ресурс] – Қолжетімділік тәртібі: <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-1623953>
5. Продовольственная корзина в Казахстане. [Электрондық ресурс] – Қолжетімділік тәртібі: <https://informburo.kz/cards/prodovolstvennaya-korzina-v-kazahstane-kak-pitatsya-na-16-tysyach-tenge-v-mesyac.html?ysclid=11414js20>
6. Прожиточный минимум в РК: как прожить на 24 459 тенге? [Электрондық ресурс] – Қолжетімділік тәртібі: <https://tengrinews.kz/article/projitochniy-minimum-v-rk-kak-projit-na-24-459-tenge-649/>

УДК 330:1; 330:001.8; 330:303

ОСОБЕННОСТИ ПОДГОТОВКА КАДРОВ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВОЙ ЭКОНОМИКИ В КАЗАХСТАНЕ

Сыдыков Даулет Тастанович

d55.95@mail.ru

Магистрант экономического факультета ЕНУ им. Л.Н.Гумилева

Нур-Султан, Казахстан

Научный руководитель - д.э.н., профессор Байжолова Р.А.

Власти Казахстана утвердили госпрограмму «Цифровой Казахстан». По планам правительства, страну ожидает полная цифровая трансформация.

Цель: изучение подготовки кадров в Казахстане в условиях цифровой экономики

Задачи исследования:

- провести анализ научно-методических литератур и интернет-источников по подготовке кадров в условиях цифровой экономики;
- определить основные направления подготовки кадров в высших учебных заведениях Казахстана для цифровой экономики;
- выявить основные направления подготовки специалистов в условиях цифровой экономики.

Методы исследования: анализ и синтез, наблюдение, сбор фактов.

За последние 10 лет высокие технологии изменились больше, чем за предыдущие три десятилетия. Глобальные технологические тренды - облака, интернет вещей, технологии больших данных, «умные» гаджеты и постоянная подключенность людей и устройств к сети коренным образом меняют не только повседневную жизнь, но и принципы ведения бизнеса

Цифровая экономика (веб-, интернет-экономика, электронная экономика) экономическая деятельность, основанная на цифровых технологиях, связанная с электронны